

КОРРОЗИЯ ИНГИБИТОРЫ

СИПАТТАМАСЫ

COR 54 А – күшті қабықша түзетін коррозия ингибиторы, сулы негіздегі бұрғылау ерітінділеріндегі және пакерлік сұйықтықтардағы құбырларды қорғайды.

COR 54 А суда және мұнайда ериді. Ерімейтін тұздар, органикалық қышқылдар, күкірт-сутек, көмірқышқыл газы және оттегіні қосқанда ластанудың кең ауқымынан қорғайды. 230 С (446 F) дейінгі температура кезінде қорғауға қабілетті. COR 54 А құрамында қандай да бір аминдер немесеэфирлер жоқ және сол себепті өнімнің уыттылық деңгейі өте төмен (10,000-20,000 мг/кг LD50 (егейқұйрық ұрғашылары). COR 54 А микроорганизмдер әсерінен, биологиялық ыдырайтын қалдықтар түзе отырып, толығымен ыдырайды.

НЕГІЗГІ ФИЗИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Сыртқы түрі	қоңыр майлы сұйықтық
Иісі	ерекшелікті
SG (25 ⁰ С кезінде)	0.90
Тұтқырлық	13 cps (25 ⁰ С)
Жану температурасы	205 ⁰ С
Ерігіштігі	мұнайда ериді, суда ыдырайды
Қату температурасы	0 ⁰ С төмен

ҚОЛДАНЫЛУЫ

COR 54 А сулы негіздегі бұрғылау ерітінділерін және пакерлік сұйықтықтарды қолдану кезіндегі барлық бұрғылау құбырлары мен шегендеу колонналарын коррозиядан қорғайды. Сондай-ақ ол, күкірті жоғары газды тасымалдау кезінде құбырларды коррозиядан қорғауға қабілетті.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӨНДЕУ

COR 54 А айналым кезінде ерітіндіге 50-1000 мл/м3 концентрацияда қорғаныс қабықшасы пайда болғанша қосу қажет. Пакерлік сұйықтықтарға арналған концентрациясы 500-1000 мл/м3-ге тең. Сұйықтықтарда сазды заттар мөлшері көп болған жағдайда көп мөлшері қажет болуы мүмкін. Өнім биологиялық ыдырағыш болуы себепті жүйе сәйкес биоцид мөлшерін қосып стерилденуі тиіс.

ҚАПАТТАМАСЫ

COR 54 А 55 галлондық (208л) бөшкелермен жеткізіледі.